



***Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік Университеті***

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

Сағи Жиенбаев

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2024

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

Зерттеушілерді қолдау офисі

Сағи Жиенбаев

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2024

*ӘОЖ 821
КБЖ 84(5Қаз)
Ж 66*

С.Жиенбаевтың 90 жылдық мерейтойына арналған биобиблиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Жайлаубаев А.Р., құраст.: Шадманова Г.Қ. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы.2024.–23бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ ақыны, нәзік сезімді, қайырымды азамат, поэзия зергері және ақындардың әлденеше буынының ұстазы – Сағи Жиенбаевқа биыл 90 жыл.

С.Жиенбаев көптеген жыр кітаптарының авторы. Оның алғашқы «Қарлығаш» атты өлеңдер жинағы, 1959 жылы жарық көріп, қалың оқырманды ақындық аса нәзік ерекше тынысымен баурап алды.

Ақын қазақ поэзиясының екінші тынысы ашылған 60-жылдары жыр додасының дулы ортасында болды. Ойып тұрып өз орнын белгіледі. Сезімтал лириканың сирек құбылыстарының біріне айналды. Қазақ поэзиясын Сағи лирикасынсыз елестету мүмкін болмай қалды.

Балалық шағы Ұлы Отан соғысы кезіне сәйкес келген Сағи небәрі 7 жаста болған. Оның әкесі қуғын-сүргіннің құрбаны болып, үш жасында әкеден жетім қалып анасының тәрбиесінде өскен.

Ақынның соғыс жылдарына арналған өлеңдері қазіргі Одақ көлеміндегі поэзиямыздың үздік үлгілерінің сапында. «Сыртта боран ұлып тұр», «Оң аяқ», «Боран», «Күткен күн», «Медаль», «Әйелдер», «Жеңістің тұңғыш таңы бұл» - сияқты өлеңдері – көзіңе жас, ерніңе күлкі шақыратын, өзегіңе от тастап, кеуденді тұңғыық мерей рахатқа бөлейтін озық туындылар.

«Тарту», «Дала гүлі», «Теңіз сыры», «Таң алдында», «Қайырлы таң», «Ақ толқын», «Киік», «Есімде

сол бір көктем», «Әлия», «Гүлдәурен», «Оймауытым», «Бозторғай», «Іңкәр дүние» және басқа өмір туралы, табиғат туралы, өмірдің өткелең өрісі туралы ой-толғауларға толы өлең кітаптары оқырмандардың ыстық ықыласына бөленді.

Өзінің 40 жылдық шығармашылық қызметінде Сағи Жиенбаев айрықша ақындық үнімен танылды. Дүние кұбылыстарын барынша шебер дәрежесіне көтерген ол 30-дан астам өлеңдер мен поэмалар кітабының авторы. «Қарлығаш» (1959), «Дала гүлі» (1959), «Сырлы теңіз» (1969), «Алтын қалам» (1969), «Оймауытым» (1975), «Құралай салқыны» (1979), «Ақсақал», (1979), «Бозторғай» (1981), «Жарық жұлдыз» (1983), «Іңкәр дүние» (1983), «Нан мен тұз» (1986) т.б.

С.Жиенбаев поэзиясының тәрбиелік мәні зор. Онда туған жерді қастерлеу, отанды сүю, еңбекке баулу, адамгершілік, табиғат әсемдігін сезіне білу т.б. алуан түрлі тақырыптарға жазылған өлеңдері ән болып төгілген, жыр болып шашылған.

Сағи Жиенбаевтың өмірі мен туындылары және шығармашылығы жайлы мәліметтерді жинап биобиблиографиялық көрсеткіште әдебиеттер тізімі ұсынылды.

Көрсеткіште С. Жиенбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайындағы материалдар енгізілді.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

САҒИ ЖИЕНБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Сағи Жиенбаев 1934 жылы 15 мамырда Ақтөбе облысы Байғанин ауданындағы Оймауыт деген ауылда дүниеге келген. Балалық шағы Отан соғысына тап келіп, көп қиындық көрсе де, ол үнемі кітап оқыды, әдебиетті ерекше жақсы көрді. Соғыс тақырыбында жазылған «Жеңістің тұңғыш таңы», «Күткен күн», «Медаль» өлеңдері кеңес одағы тұсында жоғары бағаланды.

Сағи Жиенбаев 1955 жылы Гоголь атындағы Қызыорда педагогикалық институтында білім алып, өмірлік жары Уәзипаны сонда кездестірді. Еңбек жолын ұстаздықтан бастаған Сағи Жиенбаев пен жары Уәзипа Жиенбаева екеуі сонау Жезқазған жерінде жүріп, асау арманның жетегімен бір-біріне сүйеніш болып, алдарына биік мақсат қояды. Сағи ақынның бар аңсары рухани астана болған Алматыға барып, әдебиеттің қайнаған ортасында жүру еді.

Сөйтіп, ақын 1956 жылы отбасымен Алматыға көшіп келеді. Жылдар өтіп, кешегі Алматыны аңсап, үлкен ақын болуды арман тұтқан жас Сағи әдеби ортада тез танылды. Қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасымен, суреткерлігімен айрықшаланып қосылған ақынның өлең өлкесіндегі сапары сәтті басталды. Ақынның таланты бір басқа, ал сол талант иесіне әсер ететін ортасы мен отбасындағы жайлылығы болмаса, ақынның сапары сәтті болмас еді.

Сағи Жиенбаев Алматыға алғаш келгенде өзіне ақыл айтып, жол нұсқаған ағаларының алдын кеспеген жан.

1956 жылдан бастап ақын «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан пионері» және тағы басқа да бірнеше қазақ журналдарында жұмыс істеді.

Оның поэзисы өзінше өзгеше болды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың өзі ақынға ризашылықпен жоғары баға берген. Ол: «Сағи Жиенбаевтың бірқатар өлеңдерін оқыдым. Оларда толып жатқан образ, көп шындық, көпшілікке ортақ шындық бар. Бір түрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар. Поэзия керек – осы шыншылдық», деп Сағи ақынның поэзиясына өз бағасын берді.

40 жылдық шығармашылық қызметінде Сағи Жиенбаев айрықша ақындығымен танылды. Лирик ақынның «Қарлығаш» атты алғашқы жыр-жинағы 1959 жылы жарыққа шықты. Біртуар ақынның алтын қаламынан туған «Дала гүлі», «Сырлы теңіз», «Алтын қалам», «Оймауытым» секілді 30-дан туындысы жыр кітап болып шықты.

Оның операға да қосқан үлесі аз емес. Сағи Жиенбаев Ғазиза Жұбанованың «Еңлік-Кебек», сондай-ақ Базарбай Жұманиязовтың «Махамбет» операларының либреттасын жазып берген. Тіпті, оның өлеңдері түркі тілдеріне аударылып, бірнеше шет ел тілдерінде басылып шықты. Ақын бірнеше әнге мәтін жазып, орыстың және басқа ақындардың өлеңдерін тәржімалап, кітап етіп

шығарды. Ол: Пушкин, Лермонтов, Туманян, Брюсов, Смеляков, Ғамзатов, Кугультинов, Қаноатовтың өлеңдері болатын.

Өлең-жырлары жұртшылық көңілінен шыққандықтан, Сағи ақын марапатсыз қалмады. Сыршыл да, шыншыл Сағи Жиенбаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің грамотасымен марапатталған.

Өкінішке орай, халқына осындай жыр сыйлаған ақын дәл туған күнінде, 60 жасында дүниеден озды. Ақынның еңбегін бағалаған жерлестері Ақтөбе қаланының орталығына, Ақтөбе облыстық кітапханасына, өзі білім алған орта мектепке Сағи Жиенбаевтың есімін берді. Соңында қалған оқырманы барда Сағи ақынның сырлы өлеңдері мәңгі өмір сүреді.

САҒИ ЖИЕНБАЕВ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕР

С.Б. Ержанова:

САҒИ ЖИЕНБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ ТҮЛҒА

Ақынды ақын ететін оның өлеңдері. Әр ақын өз заманының шындығын жырына арқау ете білуі керек. Сонда ғана оның өлеңдері әсерлі шығады. Ақын болып дүниеге келіп, ақын болып өткен қазақтың дарынды ұлдарының бірі - Сағи Жиенбаев. Ол ешкімге ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Оның өлеңдері халық көңілінен шығып, жүректерінен орын тапқан. Ол өлеңдерінде өмірдің бар шындығын, бірін қалдырмай шебер жырлай білген. Мақалада С.Жиенбаев поэзиясындағы лирикалық тұлға туралы сөз болады.

Түйін сөздер: поэзия, лирика, логика, элемент, деталь, аналитика, образ, идея

Ақындарда өз өлеңіне деген мәтіннің тұтастығына мән беруден гөрі ой мазмұнына дискурстық әрекетке мән беруді көздейді. Бұл тарапқа кез келген суреткер арнайы дайындықпен келмейді, өздігінен жүретін процесс. «Басқаларын қайдам, мен өзім ешкімді білген жоқпын, өнердегі бағыттарды қандай күш қалыптастырса да, ол мені де, басқаларын да қамтыды» [1] демекші, ақындардың стильдік ерекшеліктеріне барлау жасау үшін айтылатын мәселенің бағытын да анықтаған дұрыс. Бұл туралы «сонымен қатар әдеби стиль – бұл стильдің жоқтығы, бейсинтаксистік және бейграмматикалық; тіл айтылып отырған мәселемен емес, таза тілекпен айқындалады» дегенді айтады [2]. Бұл туралы посмодернист ғалымдардың пікірі жан-жақты. «Посмодернистік әдебиеттің мәтіндер мен

дискурстарды үйлестірудің желілік қағидасының кез келген сәтте диалогты жандандыра алатын тағы бір ерекшелігін» атап өтеді. Дәл сол сияқты ақын С.Жиенбаевтың поэзиясындағы мәтіндер дискурсы диалогты жандандыру сияқты тәсілдердің ақынның қолтаңбалық шеберлігін айқындап береді.

Сағи Жиенбаев поэзиясында көркем ойлау мен көркемдік танымның тұтастығы ақын логикасымен ұштасып жататын. Ақын объективті шындықты тану арқылы заттар мен құбылыстарды санаңызда қарапайым түрде жеткізіп бере алады. Ол және жай жеткізбей бейнелеп, көркемдеп береді. Ақын заттар мен құбылыстардың мәнін танып білу, олардың сырт пішіні мен бейнесін қабылдаумен ғана шектелмей, олардың біртұтас жүйесін құрылымының бүтін, бөлек, элемент-деталь деңгейінде терең талдап, ішкі мазмұнын ашуға тырысады. Сағи Жиенбаев поэзиясының тал өзегіне тән аналитикалық талдаумен шектеліп қалмайды, оған қосымша көркем образдар арқылы бейнелі ойлауға, қиял нәтижесін шындықпен ұластыру негізінде абстрактылықтан нақты нәрсеге, көрініске құрғанды қалайды. Міне, осыдан кейін Сағи поэзиясы рухани идеяның негізінен нәр алып реалды, шынайылығымен жалғасымын тапты деп ойлаймыз.

Ақын өлеңдерін оқыған сәтте күйбең тірлік пен күрделі өмірдің еңсе басқан ауыртпалығынан бір уақ босанып, сыршыл да ғажайып, жұмбақ сырлы, тылсым бір әлемге тап болғандай әсерге бөленесің. Сағи ақын адамдарға, айнала қоршаған әлемге, өмірдің сан алуан қым-қиғаш құбылыстарына қатысты көзқарастарын, туған жері мен байтақ даласына деген сағынышы мен ыстық ықыласын, табиғат пен тіршілікке қамқор көңілін ойлы да сезімді өлеңдерінде әсем өрнектеп, кесек сөз, бейнелі ой арқылы тұжырымды да тұщымды жеткізе білді. Әркімнің күнде көзбен көріп, көңілмен түсініп жүрген жайттарын Сағи көркем де қарапайым түрде өлең тілінде суреттеп келтіреді.

Сондықтан ақын сөзін әркім-ақ өз басынан кешіп отырғандай жылы да әсерлі қабылдайды. Өздерін мазалап жүрген жай-күйдің көркем бейнесін өлеңмен тапса, оқырман қауым қалай ғана әсерленбесін. Ақынмен бірге қуанып, бірге мұңдататыны да сондықтан. Ақынның дүниетанымы өзі өмір сүрген дүниені қабылдауында іңкәрлік, ғашықтық сезімдерін туғызса, соған жауап ретінде ақын кіршіксіз дүниені, әлемді, Отанын нақты алғанда халқын, жұртын таза, пәк танымда танып, қабылдауында жатыр. Дүние деген кең көлемді, көп мағыналы, сондықтан да философияның ең басты категориясының бірі. Егер философия оның жалпы негізін, мәнін ашса, әрбір жеке ғылым, өнер бағыттары оның әр қырын зерттеп, саралайды.

С.Жиенбаев өлеңдеріндегі «кіршіксіз дүние», «жаңарған дүние», «дөңгеленген дүние», «О дүние мен бұ дүние» сияқты «дүние» туралы толғаныстарды, дүниені қабылдаудың, ұғынудың сан қилы тарихи, адами ситуациядағы көріністері бейнеленген концептілік жүйені байқаймыз. Осы ситуациядағы ақынның көңіл-күйі, яғни психологиялық жағдайы, сенімдері мен күйініштері, қуаныштары жан-жақты көрсетілген. Дүниенің адами-мәдениленген бөлшегі ретінде ақын адам өмірі, қоғамның тарихи дамуындағы өзгерістерді, құбылыстарды суреттеуде Сағидың ақындық шеберлігі, тілдік құрал арқылы молынан жіктеліп көрінетін тұстары оның шығармашылығындағы сөздік үлгілердің әдемі қалпын жасаған. «Сонымен қатар көркем әдебиеттегі бейнелілік мәселелеріне шүкшию да ақынның суреттеу амал-тәсілдерін қаншалық, қалай дамытып келгенін белгілеуге бастайтын басқыш болып табылады».

Сағи ақын шығармаларында «дүние» ұғымын кең көлемді аспектіде пайдаланған. Соның ішінде қоғамның адамға әсерін субъектілік ішкі көңіл-күйін танытатын тұстары да аз емес. Ақынның

«Сәби боп ылғи көзіме, дүние-тәтті қылықпен, тартады мені өзіне» сияқты тіркестер бір жағынан жалпы ұлттық қабылдаудың тілдік формалары болса, екіншіден, бұл жерде олар нақты контекстке ие. Демек, дүниетаным жеке адамның және қоғамның деңгейінде өмір сүреді. Ал «қоғам» ұғымын нақтылайтын болсақ, бұл-белгілі бір тарихи кезеңнің дүниетанымы. Сондықтан, Сағи ақын өзі өмір сүрген заманын таза қалпында қабылдап қана қоймай, лирикалық кейіпкер дүниетанымындағы рухани тазалықты да танытып отырғанын байқауға болады. Сағи шығармашылығынан кеңінен орын алған осындай кіршіксіздік ақындық болмыспен айқындалып жатады. Мұңсыздық пен бейкүнәлік, мөлдірлік пен балғындық, періштелік сияқты қасиеттердің тұнығын да Сағи ақыннан табасыз.

«Поэзия – қай халықта болмасын, әдебиеттің түп-тамыры, алтын қазығы болып есептеледі» - деп, ізденуші Б.Матайдың пікірінше, қазақ өлеңтануының хас шебері марқұм С.Жиенбаев - шын мәнінде табиғатты тәңіріндей тұтқан лирик. Табиғат сүйіспеншілік сезімінің ең жоғарғысын талап етеді, ол үшін ақында бүкіл ізгілік атаулының ұшқыр қиял, бай фантазия бір сөзбен айтқанда автордың эстетикалық талғамын қажет етеді. Сонымен бірге табиғатты шынайы суреттеуге шеберліктің ролі күшті екені белгілі. Осы жауапты талаптардан лирикалық кейіпкеріміз жоғары көріне біледі. Ақынның табиғат көркін тек суреттеп қана емес, бейнелеп, құбылтып, тірі организмге айналдырып жібере алатын қасиеті бар. Бұл ақынның шеберлігінің айғағы деп бағалауымыз тиіс.

Гүлнұр Тойшыбекқызы:

Ақынды ақын ететін оның өлеңдері. Әр ақын өз заманының шындығын жырына арқау ете білуі керек. Сонда ғана оның өлеңдері әсерлі шығады. Ақын болып дүниеге келіп, ақын болып өткен қазақтың дарынды ұлдарының бірі - Сағи Жиенбаев. Ол ешкімге ұқсамайтын, өзіндік қолтаңбасы бар ақын. Оның өлеңдері халық көңілінен шығып, жүректерінен орын тапқан. Себебі, өлеңдерінде өмір бар. Ыстығы мен суығы, ащысы мен тәттісі араласып жатқан кәдімгі өмір жырланады. Ол өлеңдерінде өмірдің бар шындығын, бірін қалдырмай шебер жырлай білген.

Сағи Жиенбаев соғыс басталғанда небәрі жеті жаста болған. Сондықтан сонау сұрапыл соғыс кезіндегі ауыл балаларының қалай күн кешкендері суреттелетін өлеңдері баршылық.

Ақынның:

Қадалып түнде ...елеңдеп,

Қарсы алып таңның арайын,

Көкешімді ертіп келер деп,

Өлеңмен жаздым талайын,- деген «Хат» өлеңінде ағасына хат жазып, оның майданнан аман-есен оралуын асыға күткен бала сезімі шебер көрсетілген.

Есіңде бар ма, бауырым,

Сол күнгі таңның атқаны.

Ауылдың бәрі ағылып,

Төбеге шұбап жатқаны.

Әлі де көз алдымда

Сұрапыл өрттен қайтқан ер

Жалғызын қоршап адырда

Жамырай сүйіп жатқан ел!

- деп сұрапыл күннің артта қалып, ауылдың жарқын, шуақты, көптен күткен қуанышты күннің келгенін қалай қарсы алғанын шебер жырлайды.

Сағи Жиенбаев бармаған тақырып жоқ шығар. Осы уақытқа дейінгі барлық ақын өз жырына қосқан махаббат тақырыбын Сағи ақын да өз өлеңіне арқау етеді. Мысалы, «Гүл» деген өлеңінде:

Кеудемде соның тұрды үні,

Гүл көрдім содан, нұр көрдім.

Отыра қалып бір күні,

Суретін салдым гүлдердің.

-дейді. Мұндағы өлеңде балалық сезім суреттеледі. Мектепке жаңадан келген қызды көріп, өзінің ерекше көңілге бөленетінін жасырмай айтып, қыз бейнесін гүлге теңейді.

«Қыз туфлиі» деген өлеңде жас ақынның жыр деген бәйгеден озып, қыз туфлиін жеңіп алатыны, жеңіске жеткен жас ақын үшін алтын, күмістің қажет емес, оған қыз деген бір сөзден артық сыйдың жоқтығы айтылып келіп, қыздарды ақын:

Қыз деген – аппақ періште.

Қыз деген- мәңгі сұлулық – деп аппақ періште мен сұлулыққа теңейді.

Ал «Іздедім сені» өлеңінде:

Армансыз қудым, маралым,

Қайтпадым іздеп тапқанша...

Жанымда болсаң, жарадың

Жұлдызым көктен аққанша, -дейді. Ақын бұл өлеңінде өзінің сүйгенін қаптаған жұлдыздар ішінен іздеп, талай рет ормандарда адасқанын айтып келіп, оны іздеп тапқанша жалықпайтынын шебер көрсете біледі. Оны мына «Көгілдір орамал» деген өлеңнен де байқауға болады:

Қайырылмай олда кетті үнсіз,

Қайда жүр қазір мекендеп.

Жол кезем ылғи дегбірсіз

Жолығып қалар ма екен деп.

Қандай ақынның болмасын, өлең жазудағы шеберлігін көрсететін өзіндік ерекшелігі болады. Мысалы ақынның өз туған жеріне арнаған өлеңдерін оқысаңыз, туған жерінің суретін қалай көріп, қалай қабылдайтынын байқайсыз. Сағи ақын табиғатты суреттеуге жеңіл-желпі қарамайды, ол әдемі, бейнелі сөздермен суреттеп көрсетеді.

Қоңырқай тартып реңі,

Қойғандай алдын құрсаулап,

Бір шөкім бұлтқа тіреліп,

Сәулелер жерге тұр саулап.

Бұл өлеңде туған жерінің сұлулығын, әсем келбетін ақын ешбір артық сөз қолданбастан шебер суреттеп көрсетеді.

САҒИ ЖИЕНБАЕВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Құлбек ЕРГӨБЕК:

Арманшыл бала шақ. Оқу іздеп, арман қуып, Алматыға келгем. Ғажап балалар ақыны Әнуарбек Дүйсенбиевтің үйіне түстім. Марқұм балажанды кісі еді. Бауырына тартып, әңгімелесіп, тез «достасып» кеттік. Жазудан қолы босаса, әңгіме айтады, кітапханасынан жыр жинақтарын алып, бірінен кейін бірін дегендей көрсетіп жатты. «Мынау Мүбәрәктің, мынау Жәнібектің кітабы. Естігенің бар ма? Ауылда, балалармен сырласып бірге жүр. Бақытты ғой. Қызық балалар ақындары», — дейді ол иығыма қолын салып. «Ал мынау Сағи досымның жыр жинағы», — деп жұқалтаң кітапты қолыма ұстатты. Әңгімеміз әрі қарай Сағи ақын жайына ойысты. Сағи ағаның кісілігі, азаматтығы, достыққа адалдығы сыр болып төгіліп жатты.

Қазақтың бұлбұл үнді сыршыл ақыны Сағи Жиенбаев жайында ең алғаш Ән-ағам аузынан есітіп, ақын ұсынған жыр жинағы арқылы оқып білдім. Сағи Жиенбаевты алғаш Ән-ағаң үйінде көріп, танысып әңгімелескен едім. Сол күннен бастап Сағи Жиенбаев сүйікті ақыныма айналды. Бұл 1970 жылдың жазы еді. Оған дейін білдім десем өтірік болады. Одан кейін бір жинағын қалт жібермей қадағалап оқып келемін. Көмейінен жыр саулаған жампоз ақын жайында көп айтуға болады.

Сағи ағам — балалар ақыны емес. Бірақ балалық шақтың әсерін бойында сақтап қалған ақын. Қалам иесі үшін бұл үлкен бақыт. Бала шақ — Болашақ аталатын үлкен университеттің алтын бастауы.

Қуандық Шаңғытбаев:

Сағи Жиенбаев — лирик. Және оқитын жұртқа көптен бері танымал, көп қатарына ұқсамайтын, өз қолтаңбасы бар лирик. Оның шынайы шабытынан ширығып шыққан өлеңдері жалпақ жұрттың жүрегіне жол тауып жатады.

Сонда өлеңді қадыр тұтатын қауым Сағи лирикасын неге жақсы көреді?

Өйткені өмір бар ол өлеңдерде. Ыстығы мен суығы, кермегі мен тәттісі қым-қуыт араласып, астасып жатқан кәдімгі дүнияуи өмір. Ол өлеңдердің авторында сол шындықтың бір тамшысын қалдырмай өз көкірегіне толтырып, сосын дос көкірегіне қайта құйып беретін адал сезімталдық бар. Осының бәріне қоса ақынның шеберлік машығы да қазір әбден шыңдалып, толысқан шағы.

Ендеше, Сағи лирикасының ұтымдылығы — ондағы шындық пен шеберліктің шынайы ұштасуында, үн мен ұғымның сұлу үйлесімінде.

Әрине, шығрият тіліне машықтану да ауызекі тілді меңгерумен барабар: нәресте іштен сайрап тумайды, төңірегіндегілерден үйреніп барып сөйлейді. Демек, сонау алғаш қалам тартқан жас Сағиға да өлең өнерінде әуелі өзі замандас үлкенді-кішілі ақындардың жыр жолдары, кейін, естияр кезінде, өзі құшырлана оқып, құмарта (және өте әдемі!) аудара бастаған орыс пен дүниежүзі классиктерінің шығармалары ұстаздық мектебі болды.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1966

1. Жиенбаев С.
Қайырлы таң: Өлеңдер кітабы / С. Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1966. - 123 бет.

1970

2. Республикам менің: Қазақ совет ақындарының республика жайлы өлеңдері. - Алматы: Жазушы, 1970. - 166 с.

1971

3. Бозінген: (Монголия қазақтарының өлең-жырлары) / Ред. басқ.: С.Жиенбаев. - Алматы : Жазушы, 1971. - 216 бет.
4. Шыңға шырқау: Өлеңдер. - Жазушы, 1971. - 263 б.

1972

5. Жиенбаев С.
Жадымдасын, жас күнім: Тандамалы / С. Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1972. - 238 бет.

1984

6. Жиенбаев С.
Нан мен тұз: Лирика / С. Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1984. - 392 бет.

1987

7. Жиенбаев С.

Қазақ тіл: Учебное пособие для самостоятельно изучающих казахский язык / С. Жиенбаев, Г. Бегалиев, И. Уюкбаев. - 3-е изд., перераб. - Алма-Ата: Мектеп, 1987.

8. Жиенбаев С.
Синие кедры: Стихи / С. Жиенбаев. Советский писатель, 1987. - 112 с.

1988

9. Жиенбаев С.
Қазақ тілі. Казахский язык: Учеб. пособие / С. Жиенбаев, Г. Бегалиев, И. Уюкбаев. - Алматы: Мектеп, 1988. - 200 бет
10. Жиенбаев С.
Қазақ тілі: Учебное пособие для самостоятельно изучающих казахский язык / С. Жиенбаев. - 4-е изд. - Алма-Ата : Мектеп, 1988. - 199 с
11. Шекара жырлары: Өлендер,балладалар,поэмалар / Құраст.Ө.Ақыпбеков. - Жазушы, 1988. - 224 бет.

1989

12. Тұрсынбаев Ж.
Досқа сыр: Әндер / Ж. Тұрсынбаев. - Алматы: Өнер, 1989. - 56 б.
13. Шапағат таңы: Жыр жинағы.- Жазушы, 1989. - 208 бет.

1991

14. Жиенбаев С.

Үш томдық шығармалар жинағы: поэзия. Т.1:
Өлеңдер / С. Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1991. -
352 бет.

15. Жиенбаев С.

Үш томдық шығармалар жинағы: поэзия. Т.2;
Өлеңдер / С. Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1991. -
352 бет.

1992

16. Жиенбаев С.

Үш томдық шығармалар жинағы: поэзия. Т.3:
Поэмалар / С. Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1992. -
344 бет.

17. Жиенбаев С.

Үш томдық шығармалар жинағы. Поэмалар / С.
Жиенбаев. - Алматы: Жазушы, 1992. - 344 бет.

2001

18. Кәрібаева Б.

Қара өлең және лирика: Оқу құралы / Б. Кәрібаева. -
Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2001. - 173
бет.

2002

19. Жиенбаев С.

Бақ құсы: тандамалы лирика / С. Жиенбаев. - Раритет,
2002. - 232 бет.

2003

20. Жиенбаев С.

Алтын қалам: өлеңдер мен поэмалар / С. Жиенбаев. -
Атамура, 2003. - 279 бет.

2004

21. Мирон М. О.

Сағи Жиенбаев поэтикасы: көмекші оқу құралы / М.
О. Мирон. - Ақтөбе: АӨМУ БО, 2004. - 57 с.

2006

22. Салқынбай А.Б.

Қазактың тілші-әдіскер тұлғалары: Электрондық кітап
/ А.Б. Салқынбай, М.Б. Көккөзова. - Алматы: Нур-
пресс, 2006. - 137 бет.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	<i>4</i>
<i>С.Жиенбаевтың өмірі мен шығармашылығы</i>	<i>6</i>
<i>С.Жиенбаев туралы ой-пікірлер</i>	<i>9</i>
<i>С.Жиенбаев туралы естеліктер</i>	<i>17</i>
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	<i>19</i>